

Кімге: Батыс Қазақстан облысы білім басқармасының басшысы
Е.Н.Сафуллинге

Автордың аты-жөні және лауазымы:

Төлеміс Есбол Айбарұлы, Батыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының су ресурстары және қаржылық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы.

Күні: 16 қазан 2024 жыл.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Экологиялық білім: мектеп оқушыларына арналған заманауи тәсіл

Кілт сөздер: Экологиялық сана, білім, жоба.

Кіріспе. Қазіргі таңда қоғамдық көзқарас тұрғысынан неғұрлым өзекті болып отырған экологиялық проблемаларға назар аудару, мектептерде экологиялық білім беру, өскелең ұрпақты туған өлкенің экологиясына құрметпен қарауға тәрбиелеу қажеттілігі туындап отырғаны анық. Ағымдағы жылы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясын жыл соңына дейін жүргізу, қоғамда экологиялық ұстанымды қалыптастыру бағытында жұмыстар қарқынды жүруде. Президентіміздің тапсырмасына сәйкес барлық оқушылар үшін мектептерде міндетті пән ретінде «экологиялық білім» сабағы енгізіліп жатыр. Оқу үдерісінің қоршаған орта мәселелерімен таныстырумен қоса тәжірибелік тәсілдерді қамту қажеттілігінің деңгейі жоғары. Осы орайда, мектеп оқушыларының экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобамды ұсынамын.

Негізгі бөлім.

Оқушылардың экологиялық санасын жаңашыл әдістер арқылы дамыту және табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру. Қалдықтарға, қоқысқа деген дұрыс көзқарас жас кезден бастап балаларда қалыптасқан болуы керек.

- Облыстық білім басқармасының тапсырмасы арқылы әр мектепте қалдық сұрыптау үшін, оның ішінде пайдаланылған пластик бөтелке қалдықтарын жинауға арналған контейнерлер орнату қажет.

Одан кейін облыстық білім басқармасы мен өңдеуші кәсіпорындардың келісімі негізінде мектеп аралық қыркүйек-қараша және наурыз-мамыр айлары аралығында пайдаланылған пластик бөтелке қалдықтарын жинау бойынша байқау жариялау.

Нәтижесінде пластик бөтелке қалдықтарын ең көп көлемде жинаған жеңімпаз сыныптарға облыстық білім басқармасы атынан мектеп ауласына немесе саябақтарға талдар отырғызу.

Жиналған қалдықты өңдеуші кәсіпорынға табыстап, кәсіпкерлер атынан да ынталандыру сыйлығы ретінде қайта өңдеу арқылы жасалған талдарды суаруға арналған құралдарды табыстау. Ерекше көзге түскен мектеп оқушыларына мектеп әкімшілігі атынан алғыс хаттар мен ынталандыру сыйлықтарын беру керек.

Мұндай жобалар мемлекет қолдауымен жүзеге асырылатыны туралы заңда айқындалған. Нақты айтқанда, ҚР Экологиялық кодексінің 12 бөлімінің 194 бабында Қазақстан Республикасы халқының экологиялық білім беру мен ағартуға қол жеткізуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін интеграцияланған шешімдер жинақтарын, ойын, иллюстрациялық, анықтамалық және басқа да материалдар түрлерін қамтитын практикаға бағдарланған модульдерді жасау мемлекеттік бюджет қаражатымен жүргізілетіні атап көрсетілген.

Халықаралық тәжірибе. Әлемдік дамыған елдерде экологиялық тәрбиеге ерекше мән беріледі. Мысал келтірсек, АҚШ-та балаларға арналған экологиялық музейлер бар. Онда бейне арқылы қоқыстар қалай утилизацияға ұшырайтыны, ауаға тараған қоқыс қалдықтары адам өміріне қалай әсер ететіні көрсетіледі екен. Ал, Жапонияда мектептердің жанында биоорталықтар бар. Оқушылар сондағы флора мен фаунамен танысып, экологиялық тазалық шараларын көптеп ұйымдастырады. Яғни, қалдықтарға, қоқысқа деген дұрыс көзқарас жас кезден бастап балаларда қалыптасқан болуы керек. Экологиялық мәдениет қалыптаспаған соң, қоқыс өңдеу мәселесі де шешілмейді. Ал, бұл жобаның негізгі мақсаты - оқушылардың экологиялық санасын жаңашыл әдістер арқылы дамыту және табиғатқа ұқыпты қарау мәдениетін қалыптастыру.

Экологиялық білім беру	Елдердің саны	Елдер
Дискретті пән ретінде	5	Бельгия, Финляндия, Франция, Греция, Испания
Басқа пәндерге біріктірілген	12	Бельгия, Дания, Испания, Франция, Греция, Италия, Люксембург, Нидерланды, Португалия, Швеция, Швейцария, Ұлыбритания
Тақырыптық пәнаралық көзқарас ретінде	5	Австрия, Германия, Дания, Финляндия, Норвегия

1-кесте

Қорытынды мен ұсыныстар.

Жобадан күтілетін нәтиже:

Бұл жобада 50 мектептегі 1500 оқушы қамтылып, 10 тонна пластик бөтелке қалдықтары жиналып, жиналған қалдықтың 80%-ы өңделеді. Қайта өңдеу арқылы шикізат пен табиғи ресурстардың көлемі үнемделеді. Ең басты нәтиже – оқушылардың экологиялық білімдерінің артуы. Жоба сәтті жүзеге асқан жағдайда сұрыптауға арналған қалдықтар түрлерін, байқаудың ауқымын арттыру көзделген. Жоба мектеп оқушыларында экологиялық білімді арттыру мен қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Мектептерде пластик бөтелкелерді жинау мен қайта өңдеу арқылы экологиялық сананы жоғарылату және қоршаған ортаны қорғау бағытында маңызды жетістіктерге жетуге болады. Жобаның нәтижелері болашақта экологиялық шараларды кеңейтуге және тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған дереккөздер:

1. <https://egemen.kz/amp/article/283047-ekologiyalyq-sauattylyqty-gosymsha-bilim-arttyrady>
2. Баймухамедов А., Джумабаев М., Тургунбаева Н. Эко-школа: модели и практики экологического образования. –Издательство «ЭкоОбразование», 2022.
3. Национальный отчет по устойчивому развитию Казахстана: прогресс и вызовы. Министерство экологии и природных ресурсов республики казахстан, 2022
4. 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексі